

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 1-беті

РОӘК ОӘБ отырысында
2026 жылғы «25» ақпан
№ 6 хаттамалық шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ
ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНА ГРИФ БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

Е-АсМУ 12-02-26

Астана қ.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	E-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 2-беті

КІРІСПЕ

- 1. ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ:** – Оқу-әдістемелік бөліммен
- 2. ЕНГІЗІЛДІ:** – Оқу-әдістемелік бөліммен
- 3. БЕКІТІЛДІ:** – «25» ақпан 2026 ж. № 6 хаттамамен
- 4. ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** – «25» ақпан 2026 ж.
- 5. ҚАЙТА ҚАРАУ ЖИІЛІГІ:** – қажеттілігіне қарай

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 2-беті

Мазмұны

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
3. РЕЦЕНЗИЯЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ, ГРИФТІ РӘСІМДЕУ	4
4. ОҚУ БАСЫЛЫМЫНА ҒЫЛЫМИ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ.....	5
5. ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ	6
6. ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР	7
7. ОҚУ БАСЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	8
8. ОҚУ БАСЫЛЫМЫНЫҢ КӨЛЕМІ	11
9. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	11
1-қосымша (міндетті)	12
2-қосымша (міндетті)	13
«Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі	13
3-қосымша (ұсынылатын).....	15
4-қосымша (міндетті)	16
5-қосымша (міндетті)	20

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 3-беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Республикалық оқу-әдістемелік кеңес Оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы Ереже келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі №319-III «Білім туралы» заңы;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылдың 20 шілдесіндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығы;

3) «Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің 2021 жылғы 23 шілдедегі № 439 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 20.02.2026ж. №109 бұйрық;

4) Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын бірыңғай талаптар туралы ереже, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілген 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 2 хаттама;

5) МемСТ 7.62-2008 «Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Түпнұсқаларды белгілеу және корректуралық және сынама бедерлерін түзету үшін корректуралық белгілер. Жалпы талаптар» ;

6) МемСТ 7.89-2005. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Авторлық мәтіндік және баспалық түпнұсқалар. Жалпы талаптар. ;

7) МемСТ 7.12-93. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Орыс тіліндегі сөздерді қысқарту. Жалпы талаптар мен ережелер;

8) ҚР СТ 2383-2013. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Басылымдар. Шығу мәліметтері. Жалпы талаптар және рәсімдеу ережелері;

9) ҚР СТ ИСО 690-2 - 2007. Библиографиялық сілтемелер. 2-бөлім. Электрондық құжаттар және олардың бөліктері;

10) МемСТ 7.60-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Басылымдар. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар;

11) МемСТ 2.105-2019. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар;

12) МемСТ 2.106-2019. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттар;

13) МемСТ 7.1-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері;

14) МемСТ 7.86-2003. Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Басылымдар. Баспа аннотациясына қойылатын жалпы талаптар;

15) МемСТ 8.417-2024. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Шама бірліктері.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2 Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеуге қойылатын бірыңғай талаптар туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу үдерісінде пайдалану үшін оқу басылымдарына (оның ішінде электрондық басылымдарға да) Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігінің (бұдан әрі – РОӘК ОӘБ) грифін беру тәртібін

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 4-беті

айқындайды.

3 «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру жұмыс органы жүргізетін оқу басылымының ғылыми-медициналық сараптамасы негізінде жүзеге асырылады. Ғылыми-медициналық сараптама нәтижелері негізінде «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ басшылығы ізделіп отырған грифті беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Шешімді «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасы, ол болмаған кезде оның орынбасары бекітеді.

4 Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органы ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҚР ДСМ ҰҒДСДО) болып табылады.

3. РЕЦЕНЗИЯЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ, ГРИФТІ РӘСІМДЕУ

5 РОӘК ОӘБ грифін алу туралы мәселені шешу үшін автор (авторлық ұжым) ОӘБ төрағасының атына осы Ереженің **1-қосымшасына** сәйкес құжаттарды жібереді.

6 Гриф өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша келесі талаптарға сәйкес келетін оқу басылымына берілуі мүмкін:

- 1) оқу басылымының қолжазбасы монографиялық сипатта болмауы тиіс;
- 2) оқу процесінде сынақтан өткен теориялық (дәрістік) материалы болуы керек;
- 3) бақылау сұрақтары, өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар және ұсынылатын әдебиеттер (мәтіндік және электрондық ресурстар) белгілі бір теориялық модуль (тақырыптар блогы) аяқталғаннан кейін енгізілуі керек.

7 «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін оқу басылымдарын қараудың негізгі кезеңдері:

1) «Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің 2021 жылғы 23 шілдедегі № 439 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 20.02.2026ж. №109 бұйрығына сәйкес ҚР ДСМ ҰҒДСДО оқу басылымына ғылыми-медициналық сараптама жүргізу;

2) «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ материалдарды қарау және шешім қабылдау.

8 ОӘБ қарауына келіп түскен оқу басылымдарының қолжазбалары тіркеуге жатады және оқу басылымын әзірлеуші ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын тиісті кәсіби саланың мамандары болып табылатын екі және (немесе) одан да көп рецензенттерге жіберіледі.

9 Оқу басылымының мазмұнына берілген рецензия осы Ереженің **4-қосымшасында** көрсетілген критерийлерге сәйкес жасалады. Рецензия РОӘК ОӘБ мәжілісінде жарияланады.

10 Рецензиялау және гриф беру туралы шешім қабылдау бойынша жұмыстарды жүргізу мерзімі оқу басылымының қолжазбасын ОӘБ-ге тіркеген сәттен бастап күнтізбелік 60 күннен аспайды.

11 Рецензенттердің пікірлері қарама-қарсы болған жағдайда грифті беру туралы шешім РОӘК ОӘБ мәжілісінде қабылданады.

12 РОӘК ОӘБ-нің шешімі оң болған жағдайда, берілетін грифтің тұжырымы келесідей болады:

1) *Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында « _____ » кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушылар үшін оқулық (оқу құралы) ретінде пайдалануға ұсынылады. _____ базасындағы Оқу-әдістемелік бірлестік мәжілісінің _____ ж. № _____ хаттамасы.*

Ескерту:

баспа оқу басылымдарына арналған РОӘК ОӘБ грифі титул парағының артқы бетіне орналастырылады;

гриф мәтінін баспагер немесе автор (авторлар) тарапынан өзгертуге жол берілмейді.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 5-беті

13 Түзетулер қажет болған жағдайда РОӘК ОӘБ шешімінің тұжырымдамасы келесідей болады:

2) *Оқулықтың (оқу құралының) қолжазбасы түзетулерді талап етеді.*

Ескерту:

түзетулер енгізілгеннен кейін автор (авторлық ұжым) ОӘБ-ге рецензенттің ескертулері жойылғаны туралы түсіндірме жазба ұсынады;

оқу басылымының түзетуге жіберілген қолжазбасы ОӘБ-нің қайта қарауына тек бір рет қабылданады.

14 Гриф беруден бас тартылған жағдайда РОӘК ОӘБ шешімі келесідей болады:

3) *Оқулықтың (оқу құралының) қолжазбасы қабылданбайды.*

Ескерту:

Оқу басылымының қолжазбасын қабылдамау негіздері:

қолжазба мазмұнының білім беру стандарттарына немесе өзге де нормативтік талаптарға сәйкес келмеуі;

грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қателіктердің, ескірген немесе жалған ақпараттың болуы;

қолжазбада заңсыз көшіру (плагиат), авторлық құқықты бұзушылықтар немесе жасанды интеллект арқылы алынған материалдарды тиісті атрибуциясыз және тексерусіз пайдаланудың орын алуы. Қолжазба мәтінінің бірегейлігі 70%-дан төмен болмауы керек, жасанды интеллектіні қолдану 15%-дың шегінде рұқсат етіледі.

15 «Денсаулық сақтау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифі осы оқу басылымының (оның ішінде электрондық) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, негізгі оқу жоспарының, СМЖ (сапа менеджменті жүйесі) нормативтік құжаттарының талаптарына және сараптама жүргізу кезінде РОӘК ОӘБ белгілеген басқа да талаптарға сәйкес келетіндігін куәландырады (**4 қосымша**).

16 Электрондық басылым бағдарламалық өнімнің жалпы сапа көрсеткіштері мен функциялық параметрлеріне сәйкес келуі керек (**3 қосымша**).

17 ОӘБ оқу басылымы жарияланғаннан кейін келесі жағдайларда оны айналымнан алып тастауға құқылы:

1) оқу басылымын айналымнан алып тастау туралы сот шешімдері болғанда;

2) идеологиялық немесе этикалық бұзушылықтар анықталған жағдайда – даулы немесе тыйым салынған тақырыптардың болуы (экстремизм, кемсітушілік және т.б.);

3) сараптама негізінде ОӘБ шешімі бойынша оқыту сапасына әсер ететін елеулі қателер немесе жалған ақпарат анықталса.

18 Оқу-әдістемелік әдебиет жарық көргеннен кейін басылым сапасын талдау және РОӘК ОӘБ грифімен шығарылатын әдебиеттердің дерекқорын қалыптастыру үшін баспа РОӘК ОӘБ-ге бір данасын жібереді.

4. ОҚУ БАСЫЛЫМЫНА ҒЫЛЫМИ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

19 Өтініш беруші (автор, авторлық ұжым) ҚР ДСМ ДСДҰҒО-ға қағаз және/немесе электрондық тасымалдағышта келесі құжаттарды жолдайды:

1) оқу басылымының қолжазбасы;

2) әзірлеушінің (жеке тұлғалар үшін) және (немесе) әзірлеушінің бірінші басшысының (занды тұлғалар үшін) қолы қойылған ілеспе хат;

3) лауазымы, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, байланыс деректері көрсетілген авторлар мен рецензенттер туралы ақпарат;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 6-беті

4) осы пән жататын циклді, сондай-ақ оқу басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуші бойынша кодты көрсете отырып, пәннің бағыты туралы ақпаратты;

5) ұйымның консультативтік-кеңесші органы отырысының хаттамасынан үзінді-көшірме;

6) ғылыми-медициналық сараптамаға ұсынылған объектінің ғылыми-зерттеу саласы бойынша ғылыми тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ұйымдарының тәуелсіз құзыретті және оқу басылымын әзірлеуші ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын мамандардың екі және (немесе) одан да көп рецензиясы;

7) терминологиялық комиссияның қорытындысы (мемлекеттік тілдегі жұмыстар үшін).

20. ҚР ДСМ ДСДҰҒО «Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің 2021 жылғы 23 шілдедегі № 439 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 20.02.2026ж. №109 бұйрығымен бекітілген тәртіпке сәйкес Денсаулық сақтау практикасына енгізу үшін жоспарланатын ғылыми-медициналық әзірлемелер үшін оқу басылымының ғылыми-медициналық сараптамасын өткізуді ұйымдастырады.

21. ҚР ДСМ ДСДҰҒО оқу басылымының ғылыми-медициналық сараптамасын өткізу шарт негізінде жүзеге асырылады. Қызмет көрсету құны жұмыс органы бекіткен тиісті күнтізбелік жылға бағалар преysкурантына сәйкес айқындалады.

22. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Вице-министрінің 2021 жылғы 23 шілдедегі №439 «Ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, ҚР ДСМ ДСДҰҒО оқу басылымының объективті ғылыми-медициналық сараптама өткізу мақсатында авторлар мен тәуелсіз сарапшылар туралы деректердің құпиялылығын қатаң сақтауды қамтамасыз етеді. Мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау үшін оқу басылымының авторлары мен сарапшылары туралы ақпарат жария етілмейді.

5. ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

23. **Оқу басылымы** – оқуға және оқытуға ыңғайлы нысанда баяндалған және білім берудің әртүрлі сатысындағы білім алушыларға есептелген ғылыми немесе қолданбалы сипаттағы жүйеленген мәліметтерді қамтитын басылым.

24. Оқулықтар және оқу құралдары пән бойынша негізгі құзыреттіліктерді меңгеруге ықпал ететін оқу басылымдары жүйесінің өзегі болып табылады.

1) **Оқулық** – пән бойынша негізгі оқу басылымы. Онда білім алушылардың меңгеруі үшін міндетті базалық білім жүйесі баяндалады. Оқулықтың мазмұны Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын қанағаттандыруы және пәннің тиісті жұмыс бағдарламасын толық ашуы тиіс. Оқулық білім алушылардың білім деңгейі мен материалды қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып жасалады. Оқулықтың көлемі мен құрылымы тиісті оқу бағдарламасымен анықталады. Материалды ұсыну әдістемесі мен оқулық аппараты білім алушылардың оның мазмұнын өз бетінше меңгеруіне ықпал етуі керек.

2) **Оқу құралы** – оқулықты толықтыратын немесе ішінара алмастыратын оқу басылымы. Оқу құралы оқу жоспарына жаңа пән енгізілген кезде шығарылады. Оқулық, әдетте, сынақтан өткен оқу құралы негізінде жасалады.

3) **Оқу-әдістемелік құрал** – пәнді оқыту әдістемесін, оның тарауын, бөлігін зерделеу бойынша материалдарды қамтитын оқу басылымы. Оқу-әдістемелік құралдардың негізгі түрлері әдістемелік нұсқаулар мен әдістемелік ұсыныстар болып табылады.

4) **Әдістемелік нұсқаулар** – оқу үдерісінің әртүрлі түрлерін: зертханалық және практикалық жұмыстарды, курстық, дипломдық жобаларды және т.б. орындау әдістемесі бойынша материалдардан тұратын оқу басылымдары. Әдістемелік нұсқаулар оқу үдерісінің әртүрлі түрлерінің орындалу барысының толыққанды сипаттамасын қамтиды.

5) **Әдістемелік ұсынымдар** – оқыту мен тәрбиелеудің неғұрлым тиімді әдістері мен нысандарын практикаға енгізуге ықпал ететін қысқаша және нақты тұжырымдалған ұсыныстар кешенін қамтитын оқу

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 7-беті

басылымдары.

25 Көмекші оқу басылымдары – практикум, есептер жинағы.

1) *Практикум* – өткен материалды меңгеруге ықпал ететін практикалық тапсырмалар мен жаттығулардан тұратын оқу басылымы.

2) *Есептер жинағы* – тапсырмалар мен жаттығуларды, сондай-ақ оларды орындау немесе шешу бойынша әдістемелік ұсыныстарды қамтитын, өткен материалды меңгеруге және бекітуге ықпал ететін, сондай-ақ өзін-өзі бақылауды және білім мен дағдыларды тексеруді қамтамасыз ететін оқу басылымы. Тапсырмаларды шешудің және жауаптары бар жаттығулардың пысықталған нұсқаларын қамтуы мүмкін.

26 Электрондық басылым – оны пайдалану үшін есептеу техникасының құралдары қажет болатын басылым.

6. ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

27 Оқу басылымдары (оның ішінде электрондық басылымдар) келесі дидактикалық принциптерге жауап беруі тиіс:

1) *Ғылымилық принципі:*

оқу материалының мазмұнын баяндаудың ғылыми дұрыстығы;
оқылатын пән бойынша негізгі теориялардың, ғылыми ережелер мен заңдылықтардың, анықтамалар мен терминдер жүйесінің мазмұнда ұсынылуы;

терминдерді қолданудың дұрыстығы мен орындылығы, олардың жалпы қабылданған ғылыми терминологияға сәйкестігі;

мазмұнында ғылыми емес, жалған фактілердің, мысалдардың және түсіндірмелердің болмауы;

мазмұнында тиісті білім беру саласындағы заманауи ғылымның, техника мен технологиялардың озық жетістіктері туралы мәліметтер мен ғылыми-танымдық ақпараттың болуы.

2) *Қолжетімділік принципін қамтамасыз ету:*

оқу материалын ұсынудың толықтығы мен қисындылығы;
мәтіндердің барлық түрлерін (негізгі, қосымша және түсіндірме мәтіндерді) қолданудың орындылығы мен олардың түсініктілігі;

оқу материалын баяндау мен оның мазмұнының білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай физиологиялық мүмкіндіктері мен дамуының және олардың алдыңғы білім беру даярлығы деңгейлеріне сәйкестігі;

психикалық және физикалық денсаулық сақтау талаптарын есепке алу (білім алушыларға зияткерлік, моральдық, физикалық күш түсірмеу);

күрделілік деңгейі бойынша сараланған тапсырмалар жүйесінің болуы;

жаңа ақпаратты баяндау кезінде білім алушылардың сабақ барысында мәтіннің 30-дан аспайтын ақпараттық-мағыналық элементтерін (әдетте, бір абзацта берілген анықтамалар, ұғымдар, ойлар мен қорытындылар) меңгерудің нақты мүмкіндіктерін ескеру;

өз бетінше зерделеу үшін қолжетімді болуы.

3) *Жүйелілік принципін қамтамасыз ету:*

мәтін ішінде санаттардың, ұғымдардың, әдістердің өзара байланысын және оқу басылымының белгілі бір тұжырымдамалық жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін логиканы сақтау;

сабақты белгілі бір тақырып бойынша ұйымдастыру үшін оқу басылымын тарауларға, параграфтар мен кіші параграфтарға бөлу;

оқу мәтінін сүйемелдейтін құрылымдық элементтердің жүйелі қайталануы.

4) *Жүйелілік пен сабақтастық принципін қамтамасыз ету:*

білім алушылардың алдыңғы білімі мен тәжірибесін есепке алу;

баяндаудың логикалық реттілігі («қарапайымнан күрделіге», сипаттамадан талдау мен синтезге, констатациядан әрекетке, бағалауға, жалпылауға және қорытындыға);

бұған дейін оқытылған пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұнындағы материалды баяндау сабақтастығы;

бір пән бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар арасындағы пәнішілік байланысты қамтамасыз ету;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 8-беті

бұған дейін басқа оқулықтарда талқыланған оқу материалының негізсіз қайталануына жол бермеу; басқа ғылымдар бойынша оқулықтардың мазмұнымен тығыз байланыс; пәнаралық байланысты жүзеге асыру.

5) *Саналылық және белсенділік принципін қамтамасыз ету:*

мотивациялық көзқарастардың болуы және білім алушылар үшін нақты оқу міндеттерін қою; білім алушының жеке қызығушылығын туындататын мәселелерді, сұрақтарды өз бетінше шешуге бағытталған оқу материалдарының ұсынылуы;

білімді бекітуге қажетті тапсырмалар санының болуы;

оқу жетістіктерін жүйелі бақылаудың (өзін-өзі бақылаудың), тексерудің, бағалаудың және өзін-өзі бағалаудың болуы;

білім алушыларды көбірек оқуға ынталандыратын және оларға қызықты әдебиеттерді іздеуді жеңілдететін қосымша оқуға ұсынылатын кітаптардың және (немесе) ресми білім беру интернет-ресурстары тізімдерінің болуы.

6) *Көрнекілік принципін қамтамасыз ету:*

оқу мазмұнын көпарналы қабылдауды жандандыруды қамтамасыз ету;

авторлық тұжырымдарды растаудың сапалы иллюстрациялық және графикалық тәсілдерінің болуы; иллюстрациялық материалдың пәннің сипаты мен оқу басылымының мазмұнына сәйкестігі.

7) *Теорияның практикамен байланысы принципін қамтамасыз ету:*

оқу мазмұнын, тапсырмаларды, есептер мен жаттығуларды нақты өмірлік жағдайлармен, заманауи технологиялық үдерістермен байланыстыруды қамтамасыз ету;

оқу материалын оқытудың тиісті бағытын оқытудың белгілі бір циклінің (деңгейінің) біліктілік талаптарына сәйкес келетін құзыреттер жүйесі ретінде оқыту нәтижелеріне қолжеткізуге бағдарлау;

тапсырмалардың практикаға бағдарлануы;

қоғам дамуының қазіргі заманғы үдерістеріне бағдарлануы;

оқу ақпаратының ақпараттық мәдениет пен құзыреттілікті, қажетті ақпаратты іздеу және дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталуы.

7. ОҚУ БАСЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

28 Оқу басылымының негізгі компоненттерінің типтік бірізділігі:

- 1) Титул парағы;
- 2) Мазмұны;
- 3) Алғысөз;
- 4) Кіріспе;
- 5) Негізгі бөлім;
- 6) Қосымша мәтін;
- 7) Түсіндірме мәтін;
- 8) Қорытынды;
- 9) Библиографиялық тізім (негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі);
- 10) Қосымшалар.

29. Титул парағы. Шығыс деректері бар титул парағы оқу басылымы, оның баспагерлері мен авторлары туралы негізгі ақпаратты қамтиды. Оқу басылымының титул парағына келесі компоненттер кіреді: тақырып алдындағы деректер (уәкілетті мемлекеттік органдардың (ҚР ҰӘҚ, ҚР ДСМ), сондай-ақ басылымды шығаратын ұйымның атауы); автордың (бірлескен авторлардың) аты-жөні; басылымның атауы; тақырып астындағы деректер (басылым түрі, оқырман адресі және басылымның мақсаты); шығу деректері (басылымның шыққан орны мен жылы). Титул парағының артқы жағында басылым және авторлар туралы негізгі мәліметтер; библиографиялық сипаттама; аннотация орналастырылады.

30 Мазмұны. Мазмұн оқу басылымының құрылымы мен проблемалары туралы жалпы түсінік беретін оқу басылымын бағдарлау аппаратының маңызды элементі болып табылады, қажетті ақпаратты тез іздеуге ықпал етеді және оқу басылымының басында орналастырылады. Оқу басылымдарындағы мазмұнның тарауларға (бөлімдерге, параграфтарға) бөлінуі оқу пәнінің логикасында көрінетін ғылыми көзқарас логикасының бірін көрсетеді. Мәтіннің маңызды бөліктерінің тақырыптары мәтіндегі тақырыптарды

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 9-беті

толығымен (қысқартуларсыз) қайталауы керек, қысқа және пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келуі қажет.

31. Алғысөз. Алғысөз білім беру бағдарламасын меңгерудегі оқу басылымының орны мен рөлін білдіреді. Алғысөзде басылым түрі (оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал және т.б.); оқу басылымы арналған даярлық деңгейі мен бағыты (бакалаврлар, магистранттар, докторанттар үшін); жұмыс бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқытудың мақсаты мен күтілетін нәтижелері; пәннің пререквизиттері; пәнді меңгеру бойынша әдістемелік нұсқаулар; қосымша ақпарат көздерімен жұмыс істеу бойынша ұсыныстар; басылым (анықтамалық, библиографиялық, гиперсілтемелік) аппаратын пайдаланудың ерекшеліктері мен ережелері көрсетіледі.

32. Кіріспе. Кіріспе оқырманды оқу басылымымен одан әрі жұмыс істеуге бағыттауға, оны материалды меңгеруге дайындауға, оқу пәнінің мәселелерін түсінуге, оның өзектілігі мен маңыздылығын, оның қалыптасу және даму тарихын, білімнің басқа салаларымен байланысын және даму перспективаларын ашу. Кіріспе оқу пәнінің мазмұнды сипаттамасын қамтиды, соның ішінде:

1) теориялық: объекті мен пәнін, әдістемесін, принциптерін, зерттеудің негізгі міндеттерін, негізгі ұғымдар жүйесін, негізгі компоненттердің құрылымы мен ерекшеліктерін, ғылымдар жүйесіндегі және қоғамдық қызметтегі орнын;

2) тарихи: қалыптасуы мен дамуының қысқаша тарихи шолуын, ғылыми көзқарастарды, негізгі тенденциялар мен жетістіктерді, көрнекті қайраткерлер мен ұжымдардың (оның ішінде отандық) қосқан үлесін, қазіргі жағдайын, пікірталасын, проблемасын;

3) әдістемелік: кәсіптік қызметтің практикалық міндеттерін шешуде курсты меңгеру нәтижелері бойынша білімді, іскерлікті және дағдыларды пайдалану ерекшеліктерін; алдыңғы пәндер мен кейінгі курстарды зерделеу кезінде алынған білімді пайдаланудың сабақтастығын; пәнаралық байланыстардың негізгі әдістерін, ұсынылатын пәнді зерделеудің реттілігін, әдістері мен формаларын, оқу басылымын пайдаланудың жекелеген тақырыптары мен мәселелерін қамтиды.

4) Кіріспе оқу курсының негізгі бөлігін ұсынудың құрылымы мен ерекшеліктерін көрсетеді, оқу материалын оқудың, меңгерудің және пайдаланудың белгілі бір (берілген) шарттарына, мазмұнын өз бетінше меңгеру мүмкіндіктеріне көзқарас қалыптастырады, оқу басылымымен жұмыс істеу тәсілдерін сипаттайды.

33. Негізгі бөлім. Негізгі бөлім негізгі мәтін мен мәтіннен тыс аппаратты қамтиды. Негізгі мәтін материалдың негізгі мазмұнын береді және оның міндетті минимумын қамтамасыз етеді. Негізгі мәтін тарауларға (бөлімдерге), параграфтарға бөлінуі қажет. Оқу басылымдарының мәтінін тармақтарға бөлу кезінде әрбір тармақта толық ақпарат болуы қажет.

1) *Параграф* – белгілі бір тақырып бойынша білімнің тұтас жиынтығының бөлігі. Әрбір параграфтың оқу материалы келесі құрылым бойынша баяндалады:

2) *Тақырып навигаторы:*

тақырыптың тірек сөздері;

типтік оқу бағдарламасына сәйкес тақырып бойынша оқыту мақсаттары;

мақсатқа жету алгоритмі.

3) *Негізгі мәтін:*

негізгі мәтіннің берілуі;

тірек ұғымдарды тұжырымдау және бөліп көрсету;

қажетті қосымша және түсіндірме ақпаратты ерекшелеу;

білім алушылардың тақырып мазмұнын түсінуін анықтайтын сұрақтарды, тапсырмаларды құрастыру;

көпдеңгейлі тапсырмаларды, есептер мен жаттығуларды беру;

иллюстрациялық материалды, схемаларды, фотосуреттерді таңдау және оларға сұрақтар мен тапсырмалар құрастыру;

қажетті дереккөздерге сілтемелерді бере отырып, параграфтың әдістемелік бөлігіне өз бетінше орындау үшін тапсырмалар енгізу;

гlossарий;

тақырып рефлексиясы.

4) Оқу басылымының мәтіні жеңіл, түсінікті тілде, грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық нормаларға толық сәйкес жазылады. Баяндаумен және сипаттаумен қатар, білім алушыны

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 10-беті

ынталандыруға, ақыл-ой әрекетін белсендіруге ықпал ететін оқу материалын ұсынудың проблемалық тәсілдерін қолдану ұсынылады.

5) Мамандандырылған терминдерді қолданған кезде олардың нақты және бір мағыналы анықтамасы, сондай-ақ шетелдік сөздердің аудармасы беріледі, терминдердің көрсеткіші жасалып, термин сөздермен көрсетілген ұғымдарды ретімен және толық меңгеру үшін сұрақтар мен тапсырмалар жүйесі әзірленеді.

6) Мәтіннен тыс аппарат келесілерді қамтиды:

Меңгеруді ұйымдастыру аппараты: қайталауға, бекітуге, өзіндік және топтық жұмысты ұйымдастыруға, басқа білім алушылармен өзара іс-қимылға, қосымша ақпарат көздерін пайдалануға арналған сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар. Оқу басылымында Блум таксономиясына сәйкес құрастырылған (білімді, түсінуді, қолдануды, талдауды, синтезді, бағалауды іске қосатын) барлық параграф мәтіндерінің оқу мазмұнына сұрақтар, тапсырмалар, міндеттер мен жаттығулар, оның ішінде: репродуктивті, шығармашылық, практикалық, практикаға бағдарланған, жобалық, эксперименттік, зерттеу, модельдеу, өз бетінше орындау үшін және т.б. қамтылуы тиіс;

Иллюстрациялық материалдар: схемалар, суреттер, кестелер, тірек жазбалар, алгоритмдер және т.б.;

Бағдарлау аппараты: шартты белгілер, рубрикаторлар, қаріптер, графикалық белгілеу, колонтитулдар, көмекші көрсеткіштер және т.б.

7) Барлық иллюстрациялар мен кестелер мәтінмен тығыз байланысты болуы керек. Көрсетілген тақырыпқа сәйкес келмейтін және мәтінге қатысы жоқ немесе бір-бірін қайталайтын иллюстрацияларды қосуға жол берілмейді. Оқу басылымында көшіріп салынған иллюстрацияларды пайдалану кезінде міндетті түрде бастапқы дереккөзге сілтеме көрсетіледі. Көмекші көрсеткіштер (пәндік, атаулы және т.б.) оқу басылымы бойынша мәтіннің ішінде мазмұнның жекелеген элементтерін табуға мүмкіндік беретін анықтамалық нұсқаулықтар болып табылады. Пәндік көрсеткіштерге оқу басылымында кездесетін негізгі терминдер мен ұғымдар, ал атаулы көрсеткіштерге – мәліметтері оқу басылымында кездесетін адамдардың тегі мен аты-жөні енгізіледі. Олар білім алушыларды оқу басылымының мазмұны мен құрылымына бағыттайтын алфавиттік, хронологиялық немесе басқа да тәртіпте орналасуы тиіс.

8) Қосымша мәтін. Қосымша мәтін оқу мазмұнын ғылыми дәлелдеу және әртараптандыру, оқу басылымының эмоционалды компонентін күшейту, білім алушыны шығармашылық және зерттеу жұмысының элементтерімен таныстыру мақсаттарына қызмет етеді, оқытуды дараландыруға және саралауға ықпал етеді. Қосымша мәтіндерге көркем, энциклопедиялық, ғылыми-танымал, хрестоматиялық әдебиеттерден, құжаттардан, тарихи және өзге де дереккөздерден, статистикалық және биографиялық мәліметтерден үзінділер; анықтамалықтардың деректері; қосымша мәліметтер, есептер, тапсырмалар, иллюстрациялар жатады. Қосымша мәтіндерді параграфтың, бөлімнің ортасында, соңында орналастыруға болады және логикалық тұрғыдан сілтеме жүйесінің негізгі мәтінімен байланысты болуы мүмкін.

34. Түсіндірме мәтін. Түсіндірме мәтіндерде пәндік білімді түсіну және толық меңгеру үшін қажетті ақпарат орын алады, олар білім алушының дербес оқу қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру функцияларын орындайды. Түсіндірме мәтіндерге жаднамалар, нұсқамалар, ескертпелер, кестелер, схемалар, айдарлар, шартты белгілерге түсініктемелер, библиографиялық сілтемелер (білім алушыларға арналған пайдаланылған ақпарат көздеріне және оқу ресурстарына сілтемелер) және т.б. жатады.

35. Библиографиялық сілтемелер (нұсқамалар) ұсынылған материалдың дұрыстығын растайды, осы тақырыпты басқа қандай дереккөздерде қамтитыны туралы түсінік алуға көмектеседі, осы дереккөздермен танысуға, материалды кеңірек және тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Орналасқан жері бойынша библиографиялық сілтемелердің түрлері:

1) *мәтіншілік*, мәтіннің ажырамас бөлігі болып табылатын сілтеме;

2) *жол сайынғы*, ескертпеге байланысты беттің соңында орналастырылған, осы бетте мәтіннің қажетті орнында жол үстілік реттік араб цифры түрінде жасалған сілтеме;

3) *мәтіннен тыс*, мәтіннің немесе оның бір бөлігінің соңына шығарылған сілтеме.

36. Қорытынды. Қорытындыда оқу материалын жалпылау, негізгі тұжырымдар, оқу пәнінің даму перспективалары, шешілмеген немесе шешілуі қиын негізгі мәселелердің қысқаша сипаттамасы, осы оқу пәнін одан әрі зерделеу бойынша ұсыныстар, арнайы әдебиеттер мен интернет дереккөздерін өз бетінше оқу шеңбері және т.б. болуы қажет.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 11-беті

37. Библиографиялық тізім. Библиографиялық тізім оқулықтың бөлімі ретінде оқулықты әзірлеу кезінде авторлар пайдаланған дереккөздердің тізімін, сондай-ақ осы пән бойынша білім алушыларға оқу үшін қосымша ұсынылатын дереккөздердің тізімін қамтиды. Библиографиялық тізім оқулықтың соңында беріледі. Дереккөздерге сілтемелер олардың басылым тілінде беріледі. Библиографиялық сілтемелерді ресімдеу мәтіндегі тиісті дереккөздердің аталуына қарай жүзеге асырылады.

38. Қосымшалар. Қосымшалар ретінде негізгі мәтінді толықтыратын немесе суреттейтін анықтамалық материалдар қолданылады: кестелер, диаграммалар, схемалар, суреттер, карталар, жапсырмалар, сызбалар, сөздіктер, тізімдер, иллюстрациялар және анықтамалық материалдар. Жеке мәселелер бойынша қосымшалар мәтіннің тиісті бөліктеріне орналастырылады. Өзінің сипаты мен мазмұны бойынша жалпы оқу басылымына немесе оның жекелеген бөлімдеріне қатысты қосымшалар соңында орналастырылады. Барлық қосымшалар мазмұны бойынша топтастырылады және нөмірленеді.

8. ОҚУ БАСЫЛЫМЫНЫҢ КӨЛЕМІ

39. РОӘК ОӘБ грифін беру үшін рецензияға ұсынылатын оқу басылымының көлемі оқу құралы үшін кемінде 6 баспа беті, оқулық үшін 9 баспа беті болуы тиіс (*1 баспа беті – мәтіні 14 қаріп өлшемінде және жоларалық интервалы 1,0 болатын А4 форматындағы 16 бетке тең*).

40. Иллюстрациялық материалдың (ұсынылатын) көлемі жаратылыстану-ғылыми және техникалық пәндер бойынша 45%-ға дейін, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша оқу басылымының жалпы көлемінің 30%-на дейін құрауы тиіс.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

41. Оқу басылымындағы ақпараттың сапасы мен дұрыстығына автор (авторлық ұжым) жауап береді.

42. Оқу басылымдарының авторлары академиялық адалдық нормаларын, ғылыми этиканың принциптерін, сондай-ақ мәтіннің өзіндік бірегейлігіне қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

43. Оқу басылымдарының авторлары өз туындыларына авторлық құқықты сақтауға жауапты.

44. Авторлық құқықты бұзу заңды жауапкершілік әкеледі.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 12-беті

1-қосымша (міндетті)

Өтініш берушінің ілеспе хатының үлгісі

**«Астана медицина университеті» КеАҚ
 базасындағы «Денсаулық сақтау»
 кадрларын даярлау бағыты бойынша
 РОӘК ОӘБ төрағасына**

Сізге жіберілетін « _____ » оқу басылымы (оқу басылымының түрін көрсету) автор(лар)ы (Т.А.Ә.), _____ (ББ атауын және дайындық бағытын көрсету) білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарына сәйкес дайындалды.

Оқу басылымының қолжазбасы (оқу басылымының түрін көрсету) әдістемелік кеңестің « _____ » _____ жылғы отырысында қаралып, № _____ хаттама, «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруге ұсынылды.

Оқу басылымының көлемі (оқу басылымының түрін көрсету) _____ баспа табақ, болжамды таралымы _____ дана.

Оқу басылымына _____ (оқу басылымының түрін көрсету) оң нәтижелі рецензиялар бар (қоса беріледі).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде « _____ » (оқу басылымының түрін көрсету) оқу басылымына ББ бойынша «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруіңізді сұраймыз.

«Салидат Қайырбекова атындағы ДСДҰҒО»
 Басқарма төрағасының орынбасары _____

Т.А.Ә.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 13-беті

2-қосымша (міндетті)

«Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РООК ОӘБ грифін беру үшін ұсынылатын құжаттар тізбесі

1. Ілеспе хат, онда басылым туралы қысқаша мәліметтер, оның шығу деректері (қолжазбаның немесе электрондық басылымның атауы, автордың (авторлардың) және рецензенттердің тегі, аты, әкесінің аты, жоспарланған таралымы мен шығарылған жылы, баспа табақтарындағы немесе байттардағы көлемі), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішінің кодын және осы басылым дайындалған пәннің атауын көрсете отырып, білім беру бағдарламасының атауы (бұл пән қай бөлікке – міндетті және вариативті бөлікке жататынын көрсете отырып), жауапты орындаушының тегі, аты, әкесінің аты, байланыс деректері көрсетіледі.

2. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РООК ОӘБ грифін оқу басылымына беру туралы ұсыныспен ҚР ДСМ ДСДҰҒО-ның оқу басылымына берген ғылыми-медициналық сараптама қорытындысы.

3. Оқулық үшін кемінде 9 авторлық баспа парағы және оқу құралы мен практикум үшін 6 авторлық баспа парағы көлеміндегі баспа оқу басылымының қолжазбасы.

4. Баспа оқу басылымының қолжазбасы А4 және А5 форматында ұсынылуы мүмкін.

5. Нөмірлеуді 3-беттен бастау керек (жұп және тақ беттерді ескере отырып, беттің төменгі бөлігінің ортасында немесе шетінде, тақ бетте – оң жақта, жұп бетте – сол жақта (айна кескіні). Беттердің нөмірленуі қолжазба терілген қаріппен қойылады.

6. Жиіліктері: жоғарғы, төменгі, оң, сол жақтан – 2 см. Жоларалық интервал – бір.

7. Тақырыптар қалың қаріппен: тараулар мен бөлімдер – үлкен әріптермен, бөлімдер, параграфтар – кіші әріптермен жазылады.

8. Табуляция (абзац шегінісі) 1 см (5 таңба) болуы керек.

9. А5 форматы үшін (148x210 мм): негізгі қаріп – 12 (Times New Roman – орыс тілінде, Kz Times New Roman – қазақ тілінде). Қосымша қаріп – 10 (кестелердегі мәтін, ескертпе, мазмұны, библиография, суреттерге жазулар).

10. А4 форматы үшін (210x297 мм): Негізгі қаріп 14 (Times New Roman – орыс тілінде, Kz Times New Roman – қазақ тілінде). Қосымша қаріп 12 (кестелердегі мәтін, ескертпе, мазмұны, библиография, суреттерге жазулар).

11. Баспа оқу басылымы электронды (PDF форматында) редакторлық өңдеусіз авторлық қолжазба түрінде беріледі.

12. Электрондық басылым пайдаланушының нұсқаулығымен, бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптармен және т.б. екі данада электрондық тасымалдағыштағы жұмыс нұсқасы түрінде ұсынылады.

13. Оқу басылымын әзірлеуші ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын, тиісті кәсіптік салада кадрлар даярлау бағыты бойынша тәуелсіз құзыретті мамандардың екі және (немесе) одан да көп рецензиясы;

14. Рецензияларда оқу басылымының құрылымы мен мазмұнының оқу бағдарламасына және ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейіне, баяндалатын материалдың жаңалығына және оның практикалық маңыздылығына сәйкестігі негізінде гриф берудің орындылығы расталуы тиіс.

15. Оқу басылымы әзірленген пәннің оқу бағдарламасы (ББ, силлабус көшірмесі).

16. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РООК ОӘБ грифін берудің

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 14-беті

орындылығын растайтын алқалы-кеңесші органның (Ғылыми кеңестің) отырысы хаттамасынан үзінді-көшірмелер.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 15-беті

3 -қосымша (ұсынылатын)

Бағдарламалық өнім ретінде электрондық басылымның сапа критерийлері.

Электрондық басылымның пысықталу деңгейін сипаттайтын сапаның жалпы көрсеткіштері:

– барлық қарастырылған компоненттердің, ауысулардың, сілтемелердің және т.б орындалуы.

– бағдарлама жұмысында ақаулардың болмауы.

– электрондық оқу басылымына арналған құжаттамада көзделген электрондық құрылғылардың барлық түрлерінде іске асырылуы.

– электрондық басылымды пайдалану кезінде барлық қажетті әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін құжаттаманың толықтығы.

Функциялық параметрлер:

– оқытылатын материалдың жүйелілігі мен құрылымы.

– электрондық басылымның бөлімдері бойынша навигацияның қарапайымдылығы.

– оқыту жөніндегі ақпаратты ұсынудың көрнекілігі.

– электрондық басылымның интерактивті компоненттерінің пайдаланушылардың іс-әрекеттеріне реакциясының барабарлығы мен жеделдігі.

– білім алушының өзіндік жұмысын белсендіру құралдары.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 16-беті

4-қосымша (міндетті)

ОҚУ БАСЫЛЫМДАРЫН РЕЦЕНЗИЯЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Рецензиялау критерийіне толық сәйкестік – 5 балл, ішінара сәйкестік – 3 балл, мүлдем сәйкес келмеу – 0 балл деп бағаланады.

Оқу басылымы мүмкін болатын ең жоғары балдың 85%-нан (яғни 140 балдан) астам балл алған жағдайда жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылады, оқу басылымы мүмкін болатын ең жоғары балдың 85%-нан төмен балл жинаса, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынылмайды.

№	Рецензиялау критерийлері	Бағасы (балы)	Балдарға түсініктеме
1. Жалпы талаптар			
1.1	Оқу басылымы мазмұнының МЖМБС, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі		
1.2	Мәлімделген оқу-әдістемелік әдебиеттің оқу басылымының типіне (оқулық, оқу құралы) сәйкестігі.		
1.3	Оқу басылымының негізгі бөлімдерінің құрылымы мен атауларының пән силлабусына сәйкестігі.		
1.4	Оқу басылымы көлемінің үлгілік оқу бағдарламасына, оқу жоспарына және пән силлабусына сәйкестігі.		
2. Оқу басылымының мазмұны ғылымилықтың дидактикалық принципіне сәйкестігі			
2.1	Негізгі теориялардың, ғылыми ережелер мен заңдылықтардың, меңгерілетін пән бойынша анықтамалар мен терминдер жүйесінің мазмұнда берілуі		
2.2	Терминдерді қолданудың дұрыстығы мен орындылығы, олардың жалпы қабылданған ғылыми терминологияға сәйкестігі		
2.3	Мазмұнында ғылыми емес, жалған фактілердің, мысалдар мен түсіндірмелердің болмауы		
2.4	Мазмұнында тиісті білім беру саласындағы заманауи ғылымның, техниканың және технологиялардың озық жетістіктері туралы мәліметтер мен ғылыми-танымдық ақпараттың болуы		
3. Оқу ақпаратының қолжетімділік дидактикалық принципіне сәйкестігі			
3.1	Оқу материалын ұсынудың толықтығы мен қисындылығы		
3.2	Мәтіндердің барлық түрлерін (негізгі, қосымша және түсіндірме мәтіндерді) қолданудың орындылығы мен түсініктілігі		
3.3	Оқу материалын ұсыну мен оның мазмұнының студенттердің жас ерекшелігіне қарай физиологиялық мүмкіндіктері мен даму деңгейіне және олардың алдыңғы білім беру		

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 17-беті

	дайындығына сәйкестігі		
3.4	Психикалық және физикалық денсаулық сақтау талаптарын есепке алу – білім алушыларға зияткерлік, моральдық, физикалық күш түсірмеу		
3.5	Қиындық деңгейі бойынша сараланған тапсырмалар жүйесінің болуы		
3.6	Өз бетінше зерделеу үшін қолжетімді болуы		
3.7	Жаңа ақпаратты баяндау кезінде білім алушылардың сабақ барысында мәтіннің 30-дан аспайтын ақпараттық- мазмұндық элементтерін (әдетте, бір абзацта берілген анықтамалар, ұғымдар, ойлар мен қорытындылар) меңгерудің нақты мүмкіндіктерін ескеру		
4. Оқу ақпаратының жүйелілік принципіне сәйкестігі			
4.1	Категориялардың, ұғымдардың, әдістердің өзара байланысын және оқу басылымының белгілі бір тұжырымдамалық жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ететін мәтін ішіндегі логиканы сақтау		
4.2	Оқу басылымын белгілі бір тақырып бойынша сабақты ұйымдастыруды анықтайтын тарауларға, параграфтар мен кіші параграфтарға бөлу		
4.3	Оқу мәтінімен бірге жүретін құрылымдық элементтердің жүйелі қайталануы		
5. Оқу ақпаратының жүйелілік пен сабақтастық принципіне сәйкестігі			
5.1	Білім алушылардың алдыңғы білімі мен тәжірибесін есепке алу		
5.2	Баяндаудың логикалық реттілігі («қарапайымнан күрделіге», сипаттамадан талдау мен синтезге, констатациядан қызметке, бағалауға, жалпылауға және қорытындыға)		
5.3	Бұған дейін оқытылған пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны мен материалды баяндаудағы сабақтастық		
5.4	Бір пән бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар арасындағы пәнішілік байланысты қамтамасыз ету		
5.5	Бұған дейін басқа оқулықтарда талқыланған оқу материалының негізсіз қайталануының болмауы		
5.6	Басқа ғылымдар бойынша оқулықтардың мазмұнымен тығыз байланыстыру, пәнаралық байланысты жүзеге асыру		
6. Оқу ақпаратының саналылық және белсенділік принципіне сәйкестігі			
6.1	Білім алушылар үшін мотивациялық көзқарастардың болуы және оқу міндеттерін нақты қою		
6.2	Білім алушының жеке қызығушылығын тудыратын мәселелерді, сұрақтарды өз бетінше шешуге бағытталған оқу материалдарының ұсынылуы		
6.3	Материалдарды талдау, синтездеу, іріктеу және жүйелеу		

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 18-беті

	әдістерін меңгеруге арналған сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар жүйесінің берілуі, оның ішінде Блум таксономиясы негізінде ұсынылуы		
6.4	Оқу жетістіктерін жүйелі бақылаудың (өзін-өзі бақылаудың), тексерудің, бағалаудың және өзін-өзі бағалаудың болуы		
6.5	Қосымша оқу үшін ұсынылатын кітаптардың және (немесе) білім алушыларды көбірек оқуға ынталандыратын және оларға қызықты әдебиеттерді іздеуді жеңілдететін ресми білім беру интернет- ресурстары тізімдерінің болуы		
7. Оқу ақпаратының көрнекілік принципіне сәйкестігі			
7.1	Оқу мазмұнын көпарналы қабылдауды жандандыруды қамтамасыз ету		
7.2	Авторлық тұжырымдарды растаудың сапалы иллюстрациялық және графикалық тәсілдерінің болуы		
7.3	Иллюстрациялық материалдың пәннің сипаты мен оқу басылымының мазмұнына сәйкестігі		
8. Оқу ақпаратының теорияның практикамен байланысы принципіне сәйкестігі			
8.1	Оқу мазмұнының нақты өмірлік жағдайлармен және шарттармен байланысын қамтамасыз ету		
8.2	Қолданбалы, практикаға бағдарланған сипаттағы тапсырмалардың болуы		
8.3	Мазмұнды қоғам мен экономиканың қазіргі даму үдерістеріне бағыттау		
8.4	Оқу ақпаратын ақпараттық мәдениет пен құзыреттерді, қажетті ақпаратты іздеу және дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға бағыттау		
9. Оқу басылымының құрылымы мен рәсімделуі бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігі			
9.1	Оқу басылымының басында мазмұнның болуы, мазмұнында оқу басылымының құрылымы мен мәселелері, оқу пәнінің логикасы туралы жалпы түсініктің көрініс табуы		
9.2	Негізгі бөлімнің рубрикациясы (мазмұнның деңгейлік саралануының болуы, тарауларды, абзацтарды бөлудің логикалылығы мен жеткіліктілігі)		
9.3	Мазмұндағы мәтіннің маңызды бөліктерінің тақырыптарының мәтіндегі тақырыптарға және пәннің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі		
9.4	Кіріспеде пәннің мақсаты мен міндеттерінің қысқаша сипаттамасының болуы		
9.5	Бағдарлау аппаратының толықтығы: аннотацияның (оқырман адресі берілген), көрсеткіштердің, библиографиялық тізімнің, қысқартулар мен шартты белгілердің тізімі және т.б. болуы		
9.6	Қосымша және түсіндірме мәтіндердің өз мақсатына сәйкестігі		
9.7	Глоссарийдің болуы және оның сапалығы (жаңа терминдер,		

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</i>	23 беттің 19-беті

	оқу мазмұнындағы терминологиялық қатар)		
9.8	Мәтіннің тілдің грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық нормаларына сәйкестігі		
9.9	Полиграфиялық талаптарға сәйкестігі (кестелер, суреттер, қаріп, интервалдар, қаріптік ерекшеліктер)		
Оқу басылымының қорытынды орташа балы			

Жалпы аналитикалық қорытындылар

Жалпы қорытындыда рецензиялау нәтижелері көрсетіледі. Оқу басылымы қолжазбасының МЖМБС және оқу бағдарламасына сәйкестігі бағаланады. Оқу басылымының негізгі концептуалдық ерекшеліктері көрсетіліп, барлық бөлімдер бойынша дидактикалық аппарат талданады.

Барлық ескертулер нақты беттерді, кесте нөмірлерін, иллюстрацияларды, қосымшаларды көрсете отырып, объективті, дәлелді және қысқаша баяндалады.

Қорытындылар жазылып, ұсыныстар беріледі.

Алынған орташа балдың, қорытындылар мен ұсыныстардың негізінде РОӘК ОӘБ грифін беру мүмкіндігі туралы қорытынды шешім қабылданады.

Рецензент (қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, байланыс деректері) _____ (Тегі, аты-жөні)

ЖЖОКБҰ (ғылыми ұйымның) мөрі _____

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Менеджменттің интеграцияланған жүйесі	Е-АсМУ-12-02-26 №2 басылым
	«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқу басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже	23 беттің 20-беті

5-қосымша (міндетті)

Үлгі

«Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру туралы шешім

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрлігі

«Астана медицина университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

**«Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІ**

«__» _____ 20__ ж.
№__ шешім

«__» _____ 20__ ж.
РОӘК ОӘБ №__ хаттамасы

**«Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша
РОӘК ОӘБ грифін беру туралы
№__ шешім**

«Астана медицина университеті» КеАҚ базасындағы «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Денсаулық сақтауды дамыту ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМҚ-ның __ жылғы №_ жүргізілген ғылыми-медициналық сараптаманың оң қорытындысы негізінде РОӘК ОӘБ грифін беру туралы шешім қабылдады және «Денсаулық сақтау» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушыларға арналған оқулық (оқу құралы) ретінде Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында пайдалануға ұсынады.

_____.
(авторлардың аты-жөні және оқу басылымының атауы)

РОӘК ОӘБ төрағасы/төраға орынбасары _____

РОӘК ОӘБ хатшысы _____

